**Шиелі ауданы "Абылай" бөбекжай балабақшасы»**
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**
**аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша**
**кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстарының**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Шиелі ауданы** **23 тамыз 2024 жыл**

***1. 2021 – 2022, 2022 – 2023 оқу жылдарына сайтқа бала тізімін жүктеу. 2021 – 2024 оқу жылындағы топтардағы балалардың жас ерекшеліктерін сәйкестендіру.***

2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарындағы «Абылай» балабақшасы бойынша топтардағы балалар тізімі № 3 қосымшаға сәйкес https://abylai-sad.kz/kz сайтына жүктелді.

***2. 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына сайтқа күн тәртібін жүктеу.***

Аталған оқу жылдары бойынша «Балауса», «Көжек» және «Балапан» топтары бойынша күн тәртіптері сайтқа жүктелді.

***3. 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына сайтқа үлгілік оқу жоспарлар жүктеу.***

2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарындағы «Абылай» балабақшасы бойынша үлгілік оқу жоспарлары https://abylai-sad.kz/kz сайтына жүктелді.

***4. 2023 – 2024 оқу жылдарына балабақша бойынша мониторингті талапқа сәйкес жасау, толтыру формула ережесін сақталуын қамтамасыз ету. Балабақша бойынша жиынтық қорытынды жасау.***

2023 – 2024 оқу жылына «Балауса», «Көжек» және «Балапан» топтары бойынша бастапқы және қорытынды мониторинг нәтижелері және әдіскердің жиынтық мониторингісі https://abylai-sad.kz/kz сайтына жүктелді.

***5. «Абылай» балабақша – яслиін» педагогтарының біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу.***

«Абылай» балабақша – яслиі» педагогтарының біліктілік санатын арттыру үшін 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды. Алдағы оқу жылы бойынша жоспар бойынша педагогтардың біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жүйелі жүргізу жоспарланып отыр. Жоспар сайтқа жүктелді.

***6. 2021 – 2022, 2022 – 2023 оқу жылдары бойынша педагогтар туралы мәліметті сайтқа орналастыру.***

Әдістемелік ұсынымдарға 2 – қосымшасына сәйкес педагогтар туралы мәлімет сайтқа орналастырылды.

**1. Кадрлық құрамға талдау.**

2023 – 2024 оқу жылында «Абылай» балабақшасында «Балапан» ортаңғы жас тобы, «Көжек» ересек жас тобы, «Балауса» мектепалды даярлық тобы – барлығы 3 топ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып отыр.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны «Мемлекеттік білім бер ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтардың тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады», - деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде балабақшаның 2023 – 2024 оқу жылына және өткен екі оқу жылына арналған педагогтары көрсетілген штаттық кесте ұсынылды.

Білімі мен мамандығы бойынша:

ЖШС «Абылай» бөбекжай балабақшасында 8 педагог жұмыс жасайды.

| № | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда) | Туған жері және жылы | Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі) | Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы (диплом бойынша) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Рахматуллаева Дина | 02.08.1978ж, Қызлорда облысы, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 4 ай | Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2015ж |
| 2 | Агайдар Гүлмарал | 24.12.1997, Қызылорда обл, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 3 жыл | жоғары, ҚМУ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Биология пән мұғалімі, 2019 |
| 3 | Балтабаева Гүлвира | 16.12.1998, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 1 жыл | жоғары, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, химия пән мұғалімі |
| 4 | Алиева Ұлдана | 29.07.1997, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 4 ай | арнаулы орта, Астана қаласы Білім басқармасының Гуманитарлық колледжі, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, 2018 |
| 5 | Ерғали Индира | 14.03.2000, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 4 ай | жоғары, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, бастауыш мұғалімі, 2022 |
| 6 | Жүсіпова Айдана | 03.08.1995, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 4 ай | жоғары, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, қазақ тілі пән мұғалімі, 2017 |
| 7 | Раимкулова Назгүл | 09.08.1988, Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2015ж | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 1 ай | Жоғары,Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2019ж |
| 8 | Үркінбаева Айнұр | 02.08.1988, Жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2015ж | "Абылай" балабақшасы, тәрбиеші, 1 ай | Жоғары,Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2018ж |

| Оқу жылдары | Барлық педагогтар | Жоғары білімді | Оның ішінде, мектепке дейінгі жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Оның ішінде, мектепке дейінгі арнаулы орта білімді | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2023 - 2024 | | 5 | 1 | 1 | 1 | 0 |

Балабақшада жұмыс жасайтын 8 педагогтың 8 – нің педагогикалық білімі бар болғанымен, 4 педагогтың кәсіптік бейіні бойынша білімі сәйкес болмауына

байланысты, **«Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіралық орталығы»** оқу орталығынан бейіндеріне сәйкес 504 сағат көлемінде өз біліктіліктерін арттырды.

| № | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда) | Мамандығы | Қайта даярлау курсы өткен уақыты | Қайдан өтті | Куәлік номері, алынған уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Агайдар Гүлмарал | Мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешісі | 09.01.2023 – 23.06.2023 | Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіралық орталығы | № 112837, 21.06.2023 |
| 2 | Балтабаева Гүлвира | Мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешісі | 09.01.2023 – 23.06.2023 | Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіралық орталығы | № 112836, 21.06.2023 |
| 3 | Ерғали Индира | Мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешісі | 09.01.2023 – 23.06.2023 | Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіралық орталығы | № 112838, 21.06.2023 |
| 4 | Жүсіпова Айдана | Мектепке дейінгі білім педагогы | 01.06.2021 – 27.08.2021 | Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіралық орталығы | № 103938, 27.08.2021 |

**Бұдан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» 5 параграф.** «Мектепалды даярлық тобының/сыныбының педагогі» **24 – тармағы** Біліктілікке қойылатын талаптар:"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды», - делінген. Осыған орай, балабақша педагогтарының барлығының бейіні бойынша дпломдары және қайта даярлау курс сертификаттары бар немесе балабақша педагогтарының барлықтарының мамандықтары біліктілік талаптарына сәйкес **(100 %)**.

**Біліктілік санаттары бойынша:**

Қағиданың 24 – тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай, педагогтардың барлығы санаттарын өз мерзімдері келген кезде көтеруге жұмыстанады.

**Біліктілік санаты бойынша мінездеме:**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары | I | II | Педагог - зерттеуші | Педагог - сарапшы | Педагог - модератор | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2023 - 2024 | 8 | | | | | 1 | 1 | 6 |

Санаты жоқ 7 педагог*: Агайдар Гүлмарал, , Балтабаева Гүлвира, Ерғали Индира, Жүсіпова Айдана, Алиева Ұлдана, Раимкулова Назгүл, Үркінбаева Айнұр* – еңбек өтілі 5 жылға толмауына байланысты олардың біліктілік санаттарын арттырмаулары дәлелді болып есептеледі. Бірақ, балабақшада педагогтардың біліктіліктерін көтеру мақсатында жұмыс жоспары жасалап, іс – шаралар жүргізілуде.

## *2024 – 2025 оқу жылының педагог қызметкерлерді аттестаттау бойынша жұмыс жоспары*

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2024 – 2025 оқу жылында аттестатталатын педагогтердің тізімін нақтылау | қыркүйек | Әдіскер |
| 2 | 2024 – 2025 оқу жылында аттестаттаушылар үшін аттестаттау кезеңінен кейін мектепте 5 жылға арналған жұмыс жоспарын жасау | қыркүйек<br>қазан | Әдіскер |
| 3 | Аттестатталатын педагогтардың озық тәжірибесін зерделеу | 2024 ж. қараша<br>2025 ж.ақпан | Әдіскер |
| 4 | Пән бойынша курстық даярлықтан өтуді ұйымдастыру | ағымдық жылда | Әдіскер |
| 5 | Аттестатталатын педагогтардың кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу | тұрақты | Әдіскер |
| 6 | Ұлттық біліктілік тестілеуден өту | қазан -қараша<br>сәуір - мамыр | Әдіскер, педагогтер |
| 7 | Facebook, Instagram мессенджерлерінде ашық сабақтар балабақша сайтына орналастыру. | Оқу жылы бойы | Әдіскер |

Қағиданың 24 тармағы орындалған.

**Бағалау:** Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған /растаған педагогтардың үлесі – **100 %.**

**Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша**

| № | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда) | Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі | Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым) |
|---|---|---|---|
| 1 | Ағайдар Гүлмарал | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 2 | Балтабаева Гүлвира | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 3 | Алиева Ұлдана | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 4 | Ерғали Индира | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 5 | Жүсіпова Айдана | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 6 | Раимкулова Назгүл | өткен жоқ | өткен жоқ |
| 7 | Үркінбаева Айнұр | өткен жоқ | өткен жоқ |

Балабақша педагогтарының барлығының еңбек өтілдері 4 айдан 1 жыл болу себепті, еңбек өтілдері 3 жылға толмауына байланысты біліктілік курстарынан өтпеулері себепті болып есептеледі. Бірақ, балабақшада жұмыс жоспары құрылды.

| № | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда) | 2024 | 2025 | 2026 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Агайдар Гүлмарал | + | | |
| 2 | Алиева Ұлдана | | | |
| 3 | Балтабаева Гүлвира | | + | + |
| 4 | Ерғали Индира | | | |
| 5 | Жүсіпова Айдана | + | | + |
| | | | | |

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтарының үлесі – 100 %.

**Медициналық тексеруден өткені туралы:**

Білім беру ұйымы 2 қосымшаға сәйкес педагогтардың медициналық тексеруден өтуі туралы мәліметке сәйкес, Қағиданың 2 тарауының 25 – тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді» талабы толықтай орындалған.

Атап айтар болсақ,

| № | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда) | Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі) |
|---|---|---|
| 1 | Рахметуллаева Дина | 24.11..2024 |
| 2 | Агайдар Гүлмарал | 03.11.2024 |
| 3 | Балтабаева Гүлвира | 03.11.2024 |
| 4 | Алиева Ұлдана | 06.11.2024 |
| 5 | Ерғали Индира | 18.11.2024 |
| 6 | Жүсіпова Айдана | 10.11.2024 |
| 7 | Раимкулова Назгүл | 22.08.2025 |
| 8 | Үркінбаева Айнұр | 21.08.2025 |

***7. Бағаланатын кезеңге балалардың зияткерлік конкурстар және көркемдік байқауларға қатысуы туралы мәліметтерді ұсыну (растайтын құжаттарымен бірге).***

«Абылай» балабақша – яслиінде» тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында шілде айында «Мен сурет салғанды жақсы көремін» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқау қорытындысында ересек топ

тәрбиеленушілерінің арасында Абдуғазиз Асылай жұмысы үздік деп танылып, мақтау қағазымен марапатталды.

Сондай – ақ, тамыз айында тәрбиеленушілер арасында «Өн айтамын, би билеп» атты байқауында балабақшада Шабдан Жанерке ән айтудан үздік деп танылса, Серік Айзере мың құбыла би билеу шебері атанды.

***8. Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай – ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асыруы тиіс. Білім беру ұйымындағы топтардың дамытушы ортасын талапқа сәйкестендіру. Ұсынымдардың 4 - қосымшасына сәйкес үлгі ақпаратты сайтқа орналастыру барысында растайтын құжаттарды ұсыну.***

Әдістемелік ұсынымдарға 4 – қосымшасына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер мен ойыншықтардың сертификаттары https://abylai-sad.kz/kz сайтына жүктелді.

***9. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тәрбиеленушілермен жұмыс жоспарын, жеке баламен жұмыс жоспарын (болған жағдайда) көрсету. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау туралы ақпаратты сайтқа орналастыру.***

*2021 – 2022, 2022 – 2023 және 2023 – 2024 оқу жылдарында* «Абылай» балабақша – яслиі» ерекше білім алатын тәрбиеленуші болған жоқ.


ЖШС «Абылай» балабақша-яслиі

Детский сад «Абылай» ясли - сад» ТОО

«19» тамыз 2024 ж.

«19» августа 2024 г.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Абылай» ...

Балабақша меңгерушісі: Г.Агайдар

***10. Әдістемелік ұсынымдарға 5 – қосымшасына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу – әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтерді ұсыну (растайтын құжаттарымен бірге).***

Әдістемелік ұсынымдарға 5 – қосымшасына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу – әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер мен оқу – әдістемелік кешендердің фотосуреттері https://abylai-sad.kz/kz сайтына жүктелді.

Балабақша меңгерушісі Д.Рахматуллаева